

## ТҰЛҒАНЫҢ КОММУНИКАТИВТІ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ

Ешенгазина Айғаным Серікқалиевна

[eshengazina\\_a@mail.ru](mailto:eshengazina_a@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Психология мамандығының 1 курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.Ш. Байжұманова

Тұлға құрылымындағы ортаңғы орынның бірін оның коммуникативті қасиеттері алады, ол тұлғаның маңызды адамдармен түрлі жағдайда қарым-қатынасқа түсу ерекшеліктерін, сондай-ақ қарым-қатынаста өзіндік жүзеге асыру мүмкіншілігін сипаттайды. Тұлғаның коммуникативті қасиетінің психологиялық негізі оның коммуникативті бағыттылығы болып табылады. Ол белгілі бір стилде және өзі қалаған белгілі бір серіктестігімен қарым-қатынас құру дайындығымен қамтамасыз етіледі.

Тұлғаның коммуникативті бағыттылығын тыңғылықты диагностикалауға қажеттілік, қазіргі кезде психологиялық кеңс беру практикасында жақсы сараланған. Себебі адамның психологқа көмек сұрап келуінің көбісі қарым-қатынастың бұзылысымен байланысты, ал ол өз кезегінде көбінесе коммуникативті бағыттылығын алдын ала анықтаған. Тұлғаны зерттеуге арналған әдістемелердің көпшілігі қандай мөлшерде болмасын оның коммуникативті бағыттылығының кейбір ерекшеліктерін ғана белгілейді. Дегенмен де, қазіргі уақытқа дейін коммуникативті бағыттылықты анықтауға және диагностиканың негізгі өсі ретінде талдауға бағытталған қанағаттанатындай тест жоқ.

Психологиялық зерттеулерде коммуникативті бағыттылықтың үш компонентті құрылымы негізделген:

1) қарым-қатынастағы өзіндік позиция: оның көмегімен тұлға өзінің серіктестерімен өзара қарым-қатынас құрайды.

2) басқа адамдар қалайтын позициялар, оның көмегімен тұлға өзара терең қарым-қатынас орната алады.

3) өзара қарым-қатынас деңгейінің тереңдігі, тұлғалық қарым-қатынаста осыған бағытталады.

Коммуникативті бағыттылықтың осы үш компоненттің әр қайсысы модельділікті ескере отырып қарастырылуы мүмкін:

а) реалды күй: олар бүгінгі күнде шынымен қандай?

б) қалау күйі: тұлға оны болашақта идеалды түрде қалай көргісі келеді?

Қарым-қатынастағы позициялар жөніндегі сұрақтар әлеуметтік психологияның салаларында терең қарастырылған. Коммуникативті бағыттылықты жан-жақты толық өңдеу трансактылы талдау негізінде айқындалады. Э. Бернның және оның ізбасарларының жұмыстарында эго-күйдің үш сипаты анықталады: Бала (Б), Ата-ана (А) және ересек (Е), олар жетілген тұлға қалыптасуының кезектік деңгейін қарастырады, олардың әр қайсысы тек өзіне ғана тән мақсаттармен және қарым-қатынас амалдарымен сәйкестенеді. Аталмыш концепция құрылым және генезис ерекшелігіне байланысты қарым-қатынастың түрлі типтерін тудыруы мүмкін. Бала «шынайы» және «әлеуметтік ортаға икемделген» болуы мүмкін, ал икемделген Бала өз кезегінде «сыртқы әсер етушілерге келісімшіл», «жоғарыдан келетін қысымға қарсы шығушы» және «қоршаған ортаға әсер етуші» болуы мүмкін; сондай-ақ шынайы Бала мінез-құлқының түрлі амалдары бейнеленген. Ата-ана эго-күйіне де мінез-құлқтың түрлі типі тән: бақылаушылық (авторитарлы). Онда жұмсақтықтан паталогиялық каталдыққа дейінгі нұсқалар бар.

Ересек эго-күйін сипаттауда оның қалыпты қалыптасуында мүмкін болатын ауытқушылық көрінеді (гармоналдық В), ол мінез-құлықтың акцентуациясы көрініс табады. «Олай шаршаған Ересек» (психоастеникалық көріністермен), «Ересек қатаң белгіленген шекаралармен» (шизоидты көріністерге жақын) және тағы басқа.

Трансакты талдаудағы Бала, Ата-ана, Ересек позициялық жағдайлардың барлығында төрт қарым-қатынас типінің біреуінің басым болатынын көреміз:

1) үйлесімділік, оған шынайылық, энергиялық, серіктестік, индивидуалдылығына мән берушілік жатады.

2) формалды, ол қалыптылықтың жоғарылауы, аналитикалық және серіктестің деиндивидуализациялану тенденциясымен сипатталады.

3) шектетілген төменгі өнімділік, аэнергетикалық және серіктестікке зейін аудармау тән.

4) шиеленістік аффектіге және адекватты емес жиі паталогиялық шеткі аймаққа жақын мінез-құлыққа бейімділігімен байланысты.

Сонымен, бірінші жақындасуда қарым-қатынастық 3 эго-күй қақтығысуынан (Бала, Ата-ана, Ересек), қарым- қатынастың 4 типімен Д - гармониялық; Ф – формалды, Ш - шектетілген және ШС – шиеленіскен типтері құралады. Позициялар анағұрлым анық көрсетілген және сондай-ақ адамның қарым-қатынасындағы өзіндік позициясын және серіктестер қалайтын позицияны зерттеуде қолдануға болады.

Өзара қарым-қатынас деңгейінің тереңдігі кейбір кантиниумдарды көрсетеді. Олардың шеткі нүктелері нөл және шексіздік болып табылады. Осы кантиниумның үзіндісін түсіндіруде біз В.М. Кабриннің тұлғанаң коммуникативті даму теориясын негізге аламыз. Тереңдігіне байланысты айырмашылығы бар өзара қарым-қатынастың негізгі түрі 2 - кестеде көрсетілген, төменгі қатарда әр бір қарым-қатынастың тереңдігі өлшенетін баллдар көлемі көрсетілген. Көрсетілген шкаланың көмегімен адамның қарым-қатынас тереңдігін, әр серіктеспен, сондай-ақ жалпы топ серіктестерімен қарым-қатынас тереңдігін бағалауға болады. Серіктестің қарым-қатынастығы позициясы жөнінде және олардың арасындағы өзара қарым-қатынас тереңдігі коммуникативті бағыттылығын зерттеуге негіз бола алады.

Эго күй	гармониялық	формальды	шектетілген	шиеленіскен
Бала	1. Қарым-қатынас барысында ерекшелік, өткірлік көрсетеді, ойнайды, өзінің қызығушылығына байланысты түрлі амалдарды пайдаланады, өтірік алдайды және фантазияға кетеді.	2.Беделділікке бағыттала отырып нормалар мен ережелерді сақтауға тырысады, мақтау мен ұрысуға сезімтал, басқаларға үміт артады.	3. Ағым бойынша ағуға тырысады, жауапкешіліктен қашады, жауапсыз болуды және қолдаушысының болуын қалайды.	4. Барлығын қалай болса солай жасайды, жазалауға сұранады, әдейі «резинаны созады», дәрекілік көрсетеді және өз есебін жібермеуге тырысады.
Ата-ана	5.Басқаға қамқорлық жасайды, әрқашанда тіреу болуға дайын, басқалар жөнінде уайымдайды, жақсылық тілегіш және тиімді түрде түсіндіреді,	6.Жауапкершілікті мінез-құлықты және нормалар мен ережелерді талап етеді, жиі басқалардың мінез-құлығын қолдауын немесе қанағаттанбайтынын білдіреді.	7.Еркіндік бере отырып алыстайды, қашықтықтан бақылайды, уақыт пен адамдарды критикалайды, кіналауға жақын.	8.Жетіспеушілікті табандылықпен іздейді, тілін алуды талап етеді, өз беделін көрсетеді, қарсы шыққанды жақтырмайды.

	шиеленістерді басады.			
Ересек	9.Тиімді келісім, шығармашылық бірлік жасайды, басқалар үшін қайғырады және басқаларын түсінеді, ой-сезімдерімен алмасады.	10.Дәлелдер жинайды, суыққандылықпен есептеседі және өлшейді, алдын-ала болжайды, «темір» логикаға ие, өзін-өзі ұстай алады.	11.конфликтіден қашады, иллюзия әлемінде өмір сүреді, барлығынан күманданады, өзін қазбалай береді, ойларын іске асыра алмайды.	12.Күмансыз ойлар жүйесіне ие, өз сенімдерін логикамен түсіндіреді, өзіне жауларды ойлап табады, адамдарды нашар түсінеді.

Қорыта айқанда, коммуникативті бағыттылықты теориялық және эмпирикалық зерттей отырып, бірқатар арнайы диагностикалық және әлеуметтік-психологиялық тренингтер арқылы топтағы клиентті топтық жұмысқа және оның психологиялық коррекциясын нақтылау жұмыстарында пайдалануға, және сондай-ақ заң бұзушы жасөспірімдердің адекватты Мен-концепциясын қалыптастыруға, жалғыз басты адамдардың болашақ серігіне байланысты орындалмайтын күтулерін төмендету мақсатындағы кеңес беруде қолдануға болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Ивашов А.Н., Зайка Е.В. Методика исследования коммуникативных установок личности// Вопросы психологии, №5 1991
2. Обозов Н. Н. Психология межличностных отношений. - М. МТ ПРЕСС, 2011, -312 с.
3. Цукерман Г.А. Виды общения. - Томск: Пеленг, 2004.-268 с.